

Айдар:
Рубрика:

Жоғары білім беру жүйесіндегі риторика
Риторика в системе высшего образования

Жалпы ауызша шешен сөйлеу шеберлігі – жоғары оқу орындарында кәсіби маман даярлаудың ажырамас бөлігі. Әсіресе, еліміздегі нарықтық кезеңде мемлекет саясатын жұртшылыққа ұғындыруда, қоғамдағы демократиялық үрдісті жете түсіндіруде жоғары сапалы, шынайы ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігінің мәні тіпті ұланғайыр. Демек, ауызша шешен сөз сөйлеу шеберлігі-лектордың, насихатшының, кәсіби маман иесінің, студенттің қоғамдық көзқарасының мызғымастығы мен таным көкжиегінің, жан-жақты даярлығының тұңғиық қорытпасы, олардың жоғары эрудициясы мен шешендік білім, білік және дағдылар жиынтығын қамтыр мәдениеті.

Ендеше, бүгінгі таңдағы өзекті мәселеге қатысты ғылыми түйін, практикалық кеңес бағытындағы әңгімемізді жалғастырамыз. «Жоғары білім беру жүйесіндегі риторика» айдары бойынша алғашқы мақала «Ғылым және білім» журналының 2009 жылғы №4 санында (122-127-б.б.) жарияланды. Ендігі кезекте көтерілген мәселенің жалғасы ретінде әріптестеріміздің назарына 2-мақаланы ұсынамыз.

ӘОЖ: 808(574)

СӨЗ СӨЙЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ТІРЕК САУАЛДАР МЕН АЛҒЫ МАҚСАТТЫ ЖҮЙЕЛЕУ ТАЛДАМАСЫ

А. С. Қыдыршаев, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада сөз сөйлеуге қатысты тірек сауалдар мен алғы мақсатты жүйелеу мәселесі шешендіктану (риторика) теориясы мен практикасы негізінде таратылады. Нәтижеде ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі қарастырылып, шешендік сөздегі ой ұшығын екіше әдістемесі әзірленген.

В статье рассматривается алгоритм систематизации целеоснов и ключевых вопросов ораторского искусства на началах теории и практики по знаниям риторики. Особенно большое внимание уделено разработке моделей по активизации мыслительных операций в риторике эстетики и этики устной разговорной речи.

The algorithm of ordering of the purposes and key questions of oratory based on the theory of knowledge rhetoric practice is considered in this article. Great attention is paid to development of models on activation of thought operations in rhetoric, esthetic and ethics of oral spoken speech.

Шешендік сөз қашан да белгілі бір мақсатты көздейді. Сөйленер сөзді дәл үйлестіру – сөздегі ой ұшығын дөп мөлшерлеу, негізгі ойды басынан аяғына дейін қалай дамыта өру турасында пайымдау. Бұл орайлас ой еңбегі, Аристотельше, сөзді

логикалық тұрғыда құрастыруға сәйкесті «материалды табу» деп аталған. Ал М. В. Ломоносов ой ұшығының астарын «идеяны ойлап табу» тұрғысында түйіндеген.

Дәріс сәтіндегі ой ұшығы талдамасы технологиясын тарамдау-дәріс тақырыбын терең түсіну және дәріс жоспарын талдап әзірлеу кезеңіндегі шығармашылық үрдісті ұйымдастыруға қомақты үлес [1, 2, 3, 4].

Ал шешендіктану туралы еңбектер мен нақты бірегей шешен тәжірибелерін жан-жақты терең талдау нәтижесі шешендік іс-әрекеттің күллі конструкциясы белгілі бірізділікпен шешімі табылатын жеті түрлі тірек сауалға сүйенетіндігі жөніндегі қорытындыға жетелейді. Бұл ауызша сөйлеу арқылы әсер етудің моделін ұсынуға мүмкіндік береді (*1-сурет*). Ал тірек сауалдардың әрқайсысына сипаттама берсек, төмендегіше болар еді:

Біріншіден, «неге сөйлеймін?» сауалы тақырыпты терең тарамдаудың қажеттілігін аңғартады. Тілге тиек болып отырған проблемаға қатысты көзқарастар жүйесін (тұжырымдама) анықтауды, негізгі ойдың шекарасын белгілеуді, оның сөз сөйлеудің әлеуметтік міндеттерімен үйлесуі мен дәріс мақсатын анықтауды аңғартады.

Екіншіден, «не туралы сөйлеймін?» сауалы тақырыптың қилы арналары ішінен сөйленер сөз мақсатына сәйкес басты ойды елеп-екшеп іріктеп алуды білдіреді. Бұнда идея ұшқынын алып жүруші «өзек» – дәрістің басты тезисі ұшталады.

Үшіншіден, «қанша сөйлеймін?» сауалы сөйлеу нысанын шектеу туралы сөйленер сөздің мазмұнындағы басты тұсты іріктеп алуды, сөйлеу нысанын бөлшектеуді не негізгі ойды бірнеше бағытқа бөлуді міндеттейді. Сондай-ақ сөйлеу сәтінде айқара ашылуға тиісті конструктивтік сауалдарды жүзеге асыру межеленеді. Демек, алғашқы реттегі үш сауалды тірек ету тыңдаушыларға әсер ету стратегиясын құрайды.

Төртіншіден, «кімге сөйлеймін?» сауалының нысанасы тактиканы таңдамас бұрын барлау мақсатына байланысты бағыттама беруі тиіс. Демек, нақтылы бір аудиторияға әсер ету амалдары мен тәсілдерін дұрыс таңдау қажеттілігін аңғартады.

Бесіншіден, «қайда сөйлеймін?» сауалы да тыңдаушылармен қарым-қатынас жағдайы мен орнынан туындата отырып сөйлеу тактикасын, сөз сөйлеудің құрылымын алдын-ала анықтайды.

Алтыншыдан, «қалай сөйлеймін?» сауалы арқылы адамдардың ақыл-ойына, ұғым-түсінігіне, сенімі мен сезіміне әсер етудің стилі, мейлінше бірден-бір сәйкесті амалы ойластырылатыны түсінікті. Айғақтаманың барша тактикасы осы сауалдың жауабында ғана тоқайласқан.

Жетіншіден, «не айтамын?» сауалында нақты айғақтамалар, дерек көздері, мысалдар басты ойдың дәлелдеу құралдарын құрайды. Олар стратегия мен тактикадан туындатыла отырып іріктеледі және шешендік сөздің күллі конструкциясының мейлінше өзгермелі бөлігін құрайды.

Осы жеті сауалдың тұңғығына бойлай білу – Платонның «жанды тіршілік иесі» туралы ойын жете тану да. Бірінші кезеңде, алғашқы үш тірек сауалға сәйкесті дәріс тақырыбын шегелей анықтай отырып, шешен-лектор сөйленер сөздің стратегиялық ой ұшығын ашады. Платон сөзімен айтсақ, «басы мен кеудесін» немесе «айналасына сөйленер сөз топтастырылатын өзекті» құрайды. Философиялық-әдіснамалық ойлау қабілеті осы алғашқы үш сауалға жауап беру арқылы ғана дамиды. Сол себептен де бұл сауалдар оқытушыға дәріске, баяндамаға даярлану тұсында көбірек қиындық туғызады [1].

Қысқасы, *мінбедегі шешен-лектор сөзі* – ұзаққа созылатын шешендік іс-әрекеттің өнімі. Ол нақтылы мақсатқа жетуге орайлас белгілі бағытқа межеленген болуы тиіс. Стратегия дәріс тақырыбының дамуына бағыттама береді. Сөз сөйлеу мен оған даярлық кезеңдеріндегі ілгергі жұмыстардың мазмұнын алдын-ала анықтайды. *Дәріс жоспары* - белгіленген стратегия да.

Тәжірибеде оқытушылардың тезисті тақырыптан ажырата, дәріс мақсатын сауатты жүйелей алмайтынын жиі ұштастыруға болады. Мәселен, дәріс үшін алғы кезекте белгілі

мақсаттың болуы міндетті емес деген тұжырымды естудің өзі күлкі тудыратын аса қынжылысты жағдай. Бұлай ойлаушылардың пікірінше, оқытушы бағдарламаға сәйкесті материалды баяндап беруші ғана, оның негізгі рөлі де осы іспеттес. Сәйкесінше, «Сіздің дәрісіңіздің мақсаты қандай екендігін айтыңызшы?» деген сауалға, көбіне-көп: «Мен ... туралы баяндап беруге тиіспін. Маған ... жөнінде айтуға тура келеді», – деп, дәріс, баяндама, хабарламаларының тақырыбын айтады. Көпшілік лекторлар оқу және тәрбиелік мақсаттардың айырмашылық ерекшеліктерін ажырата тануда қиналады. Егер де шешен-лектор өз сөйлер сөзінің мақсатын тақырыппен шатастыратын болса, онда ол өз күш-жігерін еркінен тыс барлық алдын-ала межеленбеген жағдайларда да белгілі тақырып бойынша оқу материалын айтып шығумен ғана шектеледі.

Егер де шешен-лектор өз алдына тыңдаушылардың алға қойған мақсатына әсер етуді, белгілі бір межеленген мінез-құлыққа ұмтылдыруды, түсінікті қалыптастыруды, диалектикалық тұрғыда ойлау мен тұжырым жасай білу қабілетін дамытуды мақсат етіп қойса, онда ол өзінің бар күш-жігерін, күллі іс-әрекетін тек осы нәтижеге жетуге бағыттайды. Бұндай жағдайда мәтіннің құр дыбысталуы емес, онда адам санасын дамыта отырып әсер ету жүзеге аспақ.

Дәріс барысында сөзінді дәл бағыттап отыру ерекше маңызды. Бұл сөйлеу арқылы әсер ету ой ұшығының талдамасын әзірлеуді қажет етеді. Шешендік іс-әрекеттің алғашқы кезеңдегі сөз сөйлеудің стратегиясына сәйкесті шешен-лектор жұмысының жалпы жүйелігі *3-кестеде* көрсетілген.

Дәріс жоспарын немесе стратегиясын талдап әзірлеу – өз алдына *«неге сөйлеймін?»*, *«не туралы сөйлеймін?»* және *«қаниша сөйлеймін?»* іспеттес нақты үш сауалды қоя білу.

Шешен-лектордың ойлау іс-әрекеті бір мезгілде алгоритмделуі мүмкін емес. Дегенмен де ой ұшығын електен өткізудегі жұмыстарды жүйеге келтіру мен оны жете түсіну үшін, бірқатар белгілі бір жүйелікке, ойлап табу әдістемесіне сүйенуге кеңес беріледі. Осылайша сәйкесті шешендік дағдыларды жетілдіру көзделеді.

Ал сөйленер сөздің тақырыбы мен алға қойылған мақсатын анықтай түсу жөнінде не айтуға болады? Жалпы шешен-лектор даярлығының басы-тақырыпта қамтылатын материал мазмұнына ие болу. Материалдың көл-көсір болып келері түсінікті. Жинақталған барлық материалдардың ішінен нақты аудиторияға қажеттісін ғана іріктеп алуда саяси тұжырымдар, бұйрық-ұйғарым, оқу ісіндегі басты міндет және пәннің, оқылатын курстың бағдарламасында жазылған нақты мақсаттар баса ескеріледі. Демек, тақырып пен алғы мақсатты анықтай түсу – неге сөйлейін деп жатқаныңды түсіну.

Егер де оқытушы оқу материалын еркін түрде жете білсе, осы сала маманы болса, сондай-ақ шешеннің айтар тың мәліметтері болса, аталмыш мәселені шешу қиын емес. Ал бұндайда мәселеге үстірт қараушы лекторға, не ұзын құлақ мәліметтеріне сүйенушіге, не қызмет бабына сәйкесті немесе жоғарғылардың тапсыруымен сөз сөйлеушілерге өте қиын.

Барша тақырып атаулы өзіндік атауымен-ақ бір ғана аймақта қарастырылуы мүмкін болмас өмірлік құбылыстар мен үрдістердің шеңберін, кең мөлшердегі мәліметтерді қамтиды. Сол себептен де барлық мүмкін болар бағыттардың ішінен бірден-бір маңызды проблеманы /өзекті мәселені/ екшеп ала білу жөн. Оны аудиторияның қызығушылығы мен қажеттілігіне сәйкестендіре үйлестіре, сөйленер сөздің мақсатына орайластыра білу аса қажет.

Тәжірибеде көбіне-көп сөйленер сөздің нысаны ойластырылмай құрастырылған тақырып түйіндемелерімен жиі ұшырасамыз. Бұндай жағдайда оқытушыға қалай-солай екшеусіз қалыпта алынған тақырыптың астарында не жатырғанын түсіну үшін, көп тер төгуге, осы орайлас қалыптан абыройлы шығу үшін, біршама амал-тәсілдерге жүгінуге тура келеді. Тақырып жүйелі қалыпқа келуі үшін, шешен-лектор сөйлеу нысанының мәніне терең бойлауы тиіс. Ол үшін шешен-лектор сан алуан түсіндірмелерге, пайымдамаларға жүгінуге тиіс. Тақырыпты екшей түсу нәтижесінде ілгергі дәріс мазмұны туралы жалпы түсінік қалыптасады. Салыстырмалы тұрғыда таразыласақ, бұл шешен-лектордың межелі мақсатына сәйкесті орасан үлкен бәйтеректің бір арна-тармағын таңдап кесіп алып, оның

бұтақшаларынан қолжазба материалын даярлауы және әлі де шашыраңқы күйде ойда жүрген нысандарды белгілей түсуі іспеттес.

Шешен-лектор тек тақырыпты талдаумен шектеліп, сөйленер сөздің тыңдаушыға ұғынықты да үйлесімді жетуі туралы ойламауы мүмкін емес. Сөйленер сөз тыңдаушылар үшін әзірленеді. Ендеше, ең болмағанда алдын-ала аудитория туралы мәліметтерді білу, тыңдаушылар үшін тақырып өзектілігіне көз жеткізу міндетті. Жобаланып отырған аудиторияға бағыт ұстану аса қажетті. Алғашқы кезекте, шешен-лектор тақырып бойынша тыңдаушыларға не белгілі екендігін білуі тиіс. Болашақ сөйленер сөздің мазмұнына аудиторияның қандай көзқараста болатыны туралы анық аңғарымының болғаны дұрыс. Қарастырылып отырған мәселеге сәйкесті тыңдаушылардың пікірімен таныс болу аса пайдалы. Тек осындай жағдайда ғана өз сөз сөйлеуіннің мақсатын нақтырақ және мейлінше тиімді нәтижеге жетерліктей қалыпта анықтауға болады [3, 5, 6]

Алға қойылған мақсат – барша жанды сөздің басы. Ой ұшығын екшеп әзірлеу кезеңінде шешен-лектор акпараттандыру, сендіру, үйрету, іс-әрекетке шақыру және тағы басқа қалыптағы жоспар үлгісіндегі **жалпы мақсатты** анықтайды. Белгілі мөлшерде жалпы алға қойылған мақсаттардың үйлесе, жымдаса келуі әбден мүмкін. Жалпы мақсатта нәтижелі жетістіктердің мөлшері белгіленбейді. Бұл тек нысана жобасы ғана.

Нақты оқу мақсаты тыңдаушы нені меңгеруге, нені сезінуге, нені өзгертуге және орындауға тиісті екендігін дәл көрсетуі тиіс. Егер де жалпы алға қойылған мақсат бір ғана тіркеспен-ақ (мәселен, көңілін көтеру) білдірілетін болса, ал нақты мақсат тұтас тіркесті сөйлеммен (фразамен) бейнеленеді (Мәселен, естен кетпестей әсер туғызу немесе эстетикалық әсерге бөлеу). Дәрісте нақты мақсаттың толық түйіндемесінің болуы міндетті. Тек нақты түрде қабылданған мақсат ғана адамның зейінін, оның барлық интеллектуалдық іс-әрекетін негізгі ойға қарай бағыттайды. **Мақсатты нақтылау** – шынайы нәтижені белгілеудегі саналы пайымдау. Мәселен, бұл орайдағы нақты мақсатты белгілеудің үлгілері төмендегіше:

1. Егер де **жалпы мақсат** - белгілі бір нәрсе туралы **мәлімет беру (ақпарат ұсыну)** болса, онда **нақты мақсаттар** төмендегіше болмақ:

- шешендіктануды ойланып шебер сөйлеу іс-әрекеті технологиясы ретінде қарастырудың тиімділіктері туралы **әңгімелеу**;
- қазіргі жастардың сөйлеу мәдениетінің төмен болуының себептері туралы **хабарлау**;
- өз міндеттерін орындауға жүрдім-бардым қараудың жағымсыз нәтижелері туралы **таныстыру**.

2. Егер де **жалпы мақсат** - бір нәрсеге **сендіру** болса, ондағы **нақты мақсаттар** төмендегіше:

- шешендіктану бойынша жүргізілер машықтық жұмыстардың ертеңгі кәсіби маманның шешендік білік-дағдыларын қалыптастыруға септесеріне сенімділігін арттыру амалдары туралы жете түсіндіру;
- шешендік өнерге баулу ісінде жаңа әдістер мен жұмыс түрлерін қолданудың қажеттілігін дәлелдеу;
- жаңа әдістеменің ұтымды да оңтайлылығын **көрсету**.

3. Егер **жалпы мақсат** – бір нәрсеге **үйрету** болса, онда төмендегідей **нақты мақсаттар** өздігінен сұранады:

- шешен-лектордың /оқытушының/ шешімін негіздеуге сәйкесті ғылыми-теориялық бағдарлаудың әдістемесін ұсыну;
- шешендіктану пәніне бөлінген сағат мөлшерінің аздығына байланысты студенттердің өздігінен жұмыс жасауы туралы практикалық ұсыныстар беру;

- аудиториямен қарым-қатынасыңды әркез реттеп отырудың амалдары мен тәсілдеріне машықтандыру;

4. Егер де **жалпы мақсат – іс-әрекетке шақыру** болса, онда **нақты мақсаттар** төмендегіше:

- шешендікке қатысты білім, білік-дағдыларды аса жауапкершілікпен, жігерлікпен оқып-үйренуге студенттерді құлшындыру;
- шешен сөйлеу шеберлігін меңгеру белсенділігін көтеру;

5. Тәжірибелік мақсаттар:

- ана тілін сүюге, ана тілінде шешен сөйлеуге тәрбиелеу;
- ертеңгі кәсіби маман қалпына сай болуға ұмтылдыру;
- жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Демек, *дәріс мақсатын жүйелі түйіндеу – сөйлеу арқылы әсер ету нәтижелерін мейлінше анық, белгілі деңгейде көз алдыға келтіру: тыңдаушылар нені түсінуі, меңгеруі тиістігін, олардың көзқарастары, пікірлері, пайымдау деңгейлері қай деңгейде боларын білу.* Әрине, оқу мен тәрбиелік мақсаттар бір-біріне байланыссыз, өз алдына бөлек қойылуы мүмкін емес. Ендеше, олардың даму үстіндегі студентке әсер ету әрекетінің қос қанаты іспеттес қалыпта көрініс берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыдыршаев, А. С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / А. С. Қыдыршаев. – А. : Білім. – 2000. – 270 б.
2. Михневич, А. Е. Ораторское искусство лектора / А. Е. Михневич. – М. : Наука. – 1986.
3. Толмачев, А. В. Ораторами становятся / А. В. Толмачев – В кн. Наука убеждать. – М. : Молодая гвардия. – 1969.
4. Мурашов, А. А. Основы педагогической риторики / А. А. Мурашов. – М. : Наука. – 1996. – 281 с.
5. Борисова, Н. В. Игра в обучении лекторов / Н. В. Борисова, А. А. Соловьева. – М. : Оратор. – 1989. – 63 с.
6. Вербицкий, А. А. Человек в контексте речи: Формы и методы активного обучения / А. А. Вербицкий. – М. : Знание. – 1990. – 63 с.